

Қостанай академиясындағы қос қуаныш

6 маусымда ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында қос бірдей салтанатты шара өтті. Дәл осы күні оқу ғимараты алдында алаштың аяулы азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант, ІІМ еңбек сіңірген қызметкері Шырақбек Қабылбаевтың ескерткіші ашылды.

Сондай-ақ, айтулы шара шеңберінде асыл азаматтың тақтасы мен мұражайы ашылып, оқу ордасының туы табыс етілді. Бұл күні оқыту факультеті тыңдаушыларының оқу бітіру салтанаты өтіп, болашақ офицерлер алғашқы лейтенант шендерін иықтарына тақты. Дәстүрлі рәсім оқу ордасының үрмелі аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен ашылды.

Салтанатқа «Генералдар кеңесі» РҚБ Президиумының төрағасы, әділет генерал-майоры Рүстем Қайдаров, ІІМ Қылмыстық - атқару жүйесі комитетінің төрағасы әділет генерал – майоры Бауржан Бердалин, Қостанай облысы әкімінің орынбасары Мұрат Дәрібаев, Тәжікстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі, ішкі қызмет генерал – майоры Джумахон Футуров, Шырақбек Қабылбаевтың Алматы және Семей қалаларынан келген ағайын – туыстары, құқық қорғау органдарының басшылары, Академия ардагерлері, ІІМ жоғары оқу орындарының бастықтары, Қостанай қаласындағы оқу орындарының ректорлары шақырылды.

Шараға келген қонақтар халықтың құрметіне бөленген Шырақбек Қабылбаевтың өнегелі өмірі мен тағлымға толы қызмет жолы жайлы естеліктерін айтып, дүрбелең кезде де аыброй биігінен түспеген азаматтың адалдығы туралы ойларымен бөлісті.

Шырақбек Қабылбаевтың жиені, Қазақстанның құрметті сәлетшісі Ғалым Исабаев: «Ш.Қабылбаевтың бастамасымен ІІМ ведомстволық оқу орындары, атап айтқанда, 1956 жылы Алматыда Алматы арнайы орта милиция мектебі (бүгінде *ІІМ-нің Алматы Академиясы*), ал 1969 жылы Қарағанды қаласында КСРО ІІМ жоғары мектебі (бүгінгі *ІІМ-нің Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы*) ашылды. Павлодар қаласында орта және басшылық құрамдардың облысаралық милиция мектебі, Теміртау, Шымкент және Қостанай қалаларында облысаралық оқу орындарын ашуға да ұйтқы болды. Облысаралық мектептер базасының милиция оқу пунктерінде республикадағы ішкі істер органы мен қылмыстық-атқару жүйесі үшін кадрларды даярлайтын қазіргі жоғары оқу орны – ІІМ-нің Қостанай Академиясы бой көтергенін барша жұрт біледі», деді. Салтанатты шарада Ғ.Исабаев барлық туған – туыстарының атынан Қостанай Академиясының мұражайына домбыра тарту етіп, ІІМ, облыс әкімдігі, облыстық ІД, Академия басшылығына алғыс білдіріп, жұмыстарына табыс тіледі.

Мерекелі шараға арнайы шақырылған қонақтардың бірі – генерал – лейтенанттың өмірі мен қызметін зерттеп жүрген тарихшы Болатбек Насенов. Шырақбек Қабылбаевтың көзін көрген зерттеуші асыл азаматтың төзімділігі,

парасаттылығы, мен адамгершілігін ерекше атап өтіп: «Қай кезде де байсалды мінезінен таймаған азамат министр болып қызмет атқарған жылдары ішкі істер органдарының барлық саласында тәрбие жұмысын жақсартуды қолға алды», - деп сөзін тәмамдады.

Салтанатты шарада сөз алған Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов 2014 жылғы 9 желтоқсанда Үкіметінің №1287 қаулысымен мәңгі есте қалдыру мақсатында ІІМ Қостанай академиясына Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілгені жөнінде айтып өтіп: «Болашақ тәртіп сақшыларына «Туған жеріңді қастерле, оның отына күй» деген ұғымды сіңіріп, әр азаматтың Отанын көздің қарашығындай сақтай білуге тиіс екендігін түсіндіру - парызымыз. Ұрпаққа үлгілі із қалдырған, Отан мен ел мүддесін қорғай білген, генералдың есімімен аталатын білім ордасының абыройын асқақтату, өнегелі ісімізді жүзеге асыру керек. Оқу ордасының тыңдаушылары Шырақбек Қабылбаевтың кәсіби тәжірибесі мен Отанға адал қызмет ету парызы мен борышын мүлтіксіз орындайтындығына кәміл сенемін», деді.

Шырақбек Қабылбаевтың ескерткішін ашу құрметі Рүстем Қайдаров, Бауржан Бердалин, Мұрат Дәрібаев, Ғалым Исабаев пен Мирлан Қызыловқа берілді. Осыдан кейін, жиналған қауым Шырақбек Қабылбаевты бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткішке гүл шоқтары қойып, тағзым етті. Шаа аясында ішкі қызмет генерал-лейтенанты ШҰырақбек Қабылбаевқа арналған мұражайдың ашылу рәсімі өтті.

Мұражайды ІІМ ҚАЖК төрағасы Бауржан Бердалин мен Қостанай облыстық ІІД-нің бастығы Тлеген Маткенов ашты. Шырақбек Қабылбаевтың балалық шағынан бастап, еңбек еткен жылдарына дейінгі тарихи деректер мен тамаша жәдігерлерге толы мұражай тыңдаушыларға ғана емес, мұнда келгендердің барлығына тағылымды мекенге айналары анық. Салтанатқа жиналған құрметті қонақтар мұражайдың тілек кітабына жылы лебіздерін қалдырып, құнды деректермен танысты.

Бұл күні генерал – майор Бауржан Бердалин Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы Мирлан Қызыловқа оқу орнының туын салтанатты табыс етті.

Академияның туын қастерлі аманат ретінде қабылдай отырып, полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «Бізге артқан сенімдеріңізді ақтауға, білім мен тәрбиенің барлық салаларынан алда болуға, мемлекетімізді гүлдендіруге, Академияның мәртебесін биікке көтеруге, өз үлесімді қосамын», - деді.

Бұдан соң шара Академия қабырғасында дәстүрге айналған үлкен мереке - түлектерге диплом тапсыру мен алғашқы арнаулы полиция лейтенанты атағын беру рәсімімен жалғасты.

Оқу ордасында төрт жыл бойы білім алып, үлкен өмірге қадам басқан түлектерге құрметті қонақтар дипломдарын табыс етіп, сәттілік тіледі.

Ішкі істер министрінің бұйрығымен алғаш полиция лейтенанты шенін алған түлектерге тілегін білдірген М.Қызылов: «Бүгінгі таңда ішкі істер органдарының болашақ офицерлеріне ерекше жауапкершілік жүктелген. Алған білімдеріңізді одан әрі жетілдіріп, қызмет бабында қолданып, азаматтардың заңды құқықтарын қорғайтындарыңызға сенімдімін. Сіздер оқу орнының тарихындағы маңызды оқиғаға куә болдыңыздар. Себебі, Академияға мемлекет,

қоғам қайраткері, Ішкі істер министрі, генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді. Алғашқы қадамдарыңа сәттілік, егеменді еліміздің мерейін арттыратын жетістіктер мен жеңістерге жете беріңіздер», - деді.

Салтанат соңы карабин мен барабаншылар взводтарының көріністері мен түлектердің «Офицерлер вальсімен» аяқталды.

Орынбасар Уақпаева
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай Академиясы